



Езбекшілдер ЖАРШЫСЫ

ВЕСТИ Езбекшілдерья

14+

● Бейсенбі, 18 маусым 2026 жыл ● № 47 (10013)
● Еркін бағамен сатылады

Аудандық газет
1935 жылдың шілде айынан бастап
шығып келеді



Аудан әкімі Бауыржан Қасеновтың кәсіби мерекелерге арналған құттықтаулары

Мемлекеттік қызмет – сенім мен жауапкершілік

Құрметті мемлекеттік қызметшілер! Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметші күнімен құттықтаймын! Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Әр қызметтің өз тартымдылығы болатыны секілді, бүгінде мемлекеттік қызметке де қызығушылық артып келеді. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік биліктің айнасы іспетті. Оның ар-ожданы биік, әділетті, талантты ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін қоғам бағалайды. Халық сенімі мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаяды. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметшінің халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейтесті мәселелерді заң шеңберінде шешуі талап етіледі. Дегенмен, кей-кейде мемлекеттік қызметшілер тарапынан болған келеңсіздіктер мемлекет абыройына нұқсан келтіріп жатады.

Ауданымыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басыу да көп жағдайда өздеріңіздің жанкешті қызметтеріңіздің жемісіне байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін! Отанымыз – Қазақстан Республикасының есіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Халық денсаулығы жолындағы адал қызмет

Құрметті медицина қызметкерлері! Медицина қызметкері болу мәртебелі әрі жауапты мамандық екені баршаңызға белгілі. Бұл мамандық иесі – халықпен біте қайнасып қызмет жасайтын, қастерлі еңбек иесі. Елімізде маусым айының үшінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің күні ретінде кеңінен атап өтіледі. Дертке шипа, денеге саулық сыйлайтын сол ардақты мамандық иелерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

«Бірінші байлық – денсаулық», – деп дана халқымыздың сөзі бекер айтылмаған. Ауырсақ тәнімізді емдеп, жанымызға шипа сыйлайтын дәрігерлер құрмет тұтуға лайықты жандар. Олардың тәулік бойы көз ілмей, тәуекелге бел буып, тынымсыз кешетін тірлігін жанкештілік деп бағалау керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің ұлықтау рәсімінде дәрігерлердің мәртебесін көтеріп, мәселелерін шешу керектігін атап өткен болатын. Бұл мемлекеттің ел медицинасына көрсетер қолдауы зор екенін білдіреді. Өз кезегінде денсаулық сақтау мамандары да азаматтарға сауатты, сапалы қызмет көрсету керек екенін ұмытпаған жөн.

Қымбатты сала мамандары! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Тегілген тер, танытқан тәзімдеріңізге алғыс айтамын. Алдағы уақытта да көптің ризашылығына бөленіп, ел өмірінің жақсаруына өз үлестеріңізді қоса берудеріңізге тілектеспін! Шипалы қолдарыңыздан емін тапқан азаматтар көп болсын! Отбасыларыңызға, өздеріңізге амандық, саулық тілеймін! Мемлекетіміздің медицина саласына адал қызмет етіп, абыройлы болыңыздар! Еліміздің бүгінгі баянды, ертеңгі нұрлы, келешегі келбетті болсын!

Полиция – халық тыныштығының кепілі

Құрметті полиция қызметкерлері мен ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! 1992 жылы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заң қабылданып, ол полицияның міндеттері мен функциялық қызметтерін айқындайтын алғашқы құқықтық құжат ретінде тарихқа енді. 2007 жылы 23 маусым Тұңғыш Президенттің Жарлығымен Қазақстан полициясы күні болып бекітілді. Бұл күн қазақстандық полицияны құрған ардагерлер мен оның қатарында еңбек ететін қызметкерлердің еңбектерін бағалап, алғысқа бөлеп, ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында құрбан болған тәртіп сақшыларын еске алатын күн десек, артық айтқандық емес. Қазақстандық полицияның қалыптасуы, басты игілігіміз – ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтап қалуымыз болып табылады.

«Қазақстан полициясының күні тек кәсіби мереке ғана, бұл ерлік пен қаһармандықты ұлықтаған ерекше мейрам. Бұл күн ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында абыройлы еңбек етіп келе жатқан барша ішкі істер саласы қызметкерлерінің мерекесі. Қазақстандық полиция өз жұмысын бастаған күннен бастап қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша алға қойған міндеттерін табысты жүзеге асырып келеді. Полиция қызметкері болу – оңай емес. Ол үшін байыпты білім, айбарлы жүрек керек, сабыр мен төзім, қажыр мен қайрат та қажет. Жылдам әрекет ету, ұстамды әрі сыпайы болу да маңызды. Қазақстан Полициясы күні – қазақстандық полицияны қалыптастыруға жан аямай күш салғандар мен оның қатарында қызмет етушілерге деген алғыстың белгісі. Төл мерекелеріңіз құтты болсын! Ел қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қалыптастыру, оны сақтау жолындағы жанкешті еңбектеріңізге табыс тілеймін! Отбасыларыңыз аман болып, шаңырақтарыңыз берекеге толсын!

«Қаз хабы»: Біржан сал ауданының ауыл тұрғындарына 5000 қаз балапаны табысталды

Ағымдағы жылдың 11 маусымында Степняк қаласында «Ауыл» партиясының әлеуметтік-экономикалық жобасы – «Қаз хабы» аясында Біржан сал ауданының ауыл тұрғындарына қаз балапандарын табыстау рәсімі өтті.

Аталған жоба ауылдық кооперацияны дамытуға, жеке қосалқы шаруашылықтарды қолдауға, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға және ауыл отбасылары үшін қосымша табыс көздерін қалыптастыруға бағытталған. Жобаны іске асыру ауылдық аумақтардың экономикалық әлеуетін нығайтуға, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға және аграрлық сектордың тұрақты дамуына жағдай жасауға ықпал етеді.

Ақмола облысында жоба үшінші жыл қатарынан табысты жүзеге асырылып келеді және жыл сайын ауыл тұрғындарының үлкен қызығушылығын тудыруда. Жобаның арқасында ауыл тұрғындары өз шаруашылықтарын дамытуға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруға және отбасыларының табысын көбейтуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жобаға қатысу құс шаруашылығы саласында тәжірибе жинақтауға жол ашады.

Жоба аясында «Линда» тұқымды қаздарды есіруге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл тұқым жоғары өнімділігімен, күтімге талғампаз еместігімен және әртүрлі климаттық жағдайларға төзімділігімен ерекшеленеді. Қаздар тез салмақ қосып, қысқа мерзім ішінде 4-6 килограммға дейін жетеді. Сондай-ақ олардың еті жоғары сапасымен және дәмдік қасиеттерімен бағаланып, нарықта тұрақты сұранысқа ие. Бұдан бөлек, ақ



маманы тоқыма өнеркәсібінде жастық, көрпе және басқа да бұйымдар өндіруде кеңінен пайдаланылады. Осылайша, қаз өсіру бірнеше бағыт бойынша табыс табуға мүмкіндік беретін тиімді кәсіп түрі болып саналады.

Салтанатты іс-шараның ресми бөлігі Степняк қаласындағы аудандық мәдениет үйінде өтті. Оған «Ауыл» партиясының өкілдері, қоғамдық ұйымдар мүшелері, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер және жобаға қатысушы аудан тұрғындары қатысты.

Жиналғандарды Біржан сал ауданының әкімі Бауыржан Қасенов құттықтап, мұндай бастамалардың ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, жоба жеке қосалқы шаруашылықтарды нығайтуға, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға және ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Сондай-ақ қатысушылар алдында «Ауыл» партиясы тарапынан орынбасары Қайрат Айтұғанов, Ақмола

облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Нұғманов, «Мурза» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің директоры Владимир Мурза және 2025 жылғы жоба қатысушысы, Ақкөл ауданы Урюпин ауылдық округіне қарасты Амангелді ауылының тұрғыны Сағандық Ибраев сөз сөйледі. Олар жобаның алдыңғы жылдардағы оң нәтижелерін атап өтіп, оның алдағы уақытта да тиімділігін көрсететініне сенім білдірді.

Кездесу барысында ұйымдастырушылар жоба мақсаты мен міндеттерін, тауарлық несие беру шарттарын, өнімді қайтару тәртібін, сондай-ақ құсты күтіп-баптау, азықтандыру және өсіру ерекшеліктерін жан-жақты түсіндірді. Ветеринариялық қауіпсіздік талаптарын сақтау мен сапалы өнім алуға мүмкіндік беретін технологияларды қолдану мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қатысушылар өз шаруашылықтарын дамытуға көрсетілген қолдау үшін ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Жоба «Мурза» ауыл шаруашылығы

өндірістік кооперативі тарапынан «Ауыл» партиясының Біржан сал ауданы әкімдігінің және «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Ресми бөлім аяқталғаннан кейін қаз балапандарын тарату басталды. Қаздар бекітілген тізімдер мен белгіленген мөлшерге сәйкес үлестірілді.

Жоба аясында ауданның шамамен 80 тұрғынына тауарлық несие шарттарымен 5000 қаз балапаны берілді. Мұндай қолдау түрі ауыл отбасыларына ірі бастапқы қаржы салымынсыз өз шаруашылығын дамытуға, сұранысқа ие ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және қосымша табыс табуға мүмкіндік береді.

Жоба талаптарына сәйкес, ағымдағы жылдың қараша айында қатысушылар өсірілген құстардан алынған мамық-шикізатты «Мурза» кооперативіне өткізіп, сондай-ақ өндірілген өнімнің 10 пайызын қаз еті түрінде қайтаруы тиіс. Бұл ретте өсірілген еттің 80-90 пайызы ауыл тұрғындарының иелігінде қалады. Олар оны өз қажеттіліктеріне пайдалана алады немесе нарықта сатып, қосымша табыс таба алады.

«Қаз хабы» жобасы ауыл шаруашылығы өндірушілері, қоғамдық ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар және ауыл тұрғындары арасындағы тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болып табылады. Жобаны жүзеге асыру кооперациялық байланыстарды дамытуға, ауылдағы кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға, өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтуге және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді.

Дина АҚЫШЕВА.

Жаңа тағайындау

2026 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Абдірайымов Фархат Уәлбекұлы Ақмола облысы Біржан сал аудандық сотының төрағасы лауазымына тағайындалды.



Әке – отбасының тірегі

Қазақстанда Әкелер күні жыл сайын маусым айының үшінші жексенбінде атап өтіледі. Бұл мереке 2023 жылы Аналар күнімен бірге ресми түрде бекітіліп, отбасы институтын нығайту, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау және ескелең ұрпақты тәрбиелеудегі ата-аналардың ролін арттыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды.

Әкелер күні – екенің отбасы мен қоғамдағы ерекше орнын айқындайтын мереке. Әке – отбасының тірегі, қорғаны, жауапкершілік пен еңбекқорлықтың, батылдық пен адалдықтың үлгісі. Әкелер балаларына дұрыс тәрбие беріп, олардың бойына адамгершілік қасиеттерді, үлкенге құрмет пен кішіге ізеттілікті, Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіруде маңызды рөл атқарады.

Бұл күні еліміздің түкпір-түкпірінде мерекелік іс-шаралар, кездесулер, отбасылық байқаулар мен түрлі акциялар ұйымдастырылып, жауапты әкелік құндылықтарды насихаттауға ерекше көңіл бөлінеді. Көпбалалы әкелерге, өнегелі отбасыларға және өз еңбегімен қоғамның дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға құрмет көрсетіледі.

Әкелер күні – әкелерге олардың қамқорлығы, қолдауы, өмірлік тәжірибесі мен шексіз мейірімі үшін алғыс айтудың тамаша мүмкіндігі. Бұл мереке отбасының беріктігін, ұрпақтар сабақтастығын, өзара сыйластық пен түсіністікті дәріптеп, қоғамдағы әке мәртебесін арттыруға ықпал етеді.

2026 жылғы 14 маусымда өткен Біржан сал ауданы Заозерное ауылының, Донской және Заурал ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау қорытындысы туралы хабарлама

2026 жылғы 14 маусымда Біржан сал ауданы Заозерное ауылының, Донской және Заурал ауылдық округтерінің әкімдерін үш сайлау округі бойынша сайлау өтті.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Біржан сал ауданының Донской ауылдық округі әкімінің сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

Донской ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша Донской сайлау округі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 622 азамат енгізілді, олардың ішінде 371 дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 15, «Барлығына қарсы» жолында белгісі бар – 31.

Өр кандидат үшін берілген дауыстар саны: А.Қ.Әлжанов – 31; Ж.Р.Әубәкіров – 275; М.М.Нұрмағамбетова – 19.

Донской ауылдық округінің әкімі болып Жұмабек Рахымғалиұлы Әубәкіров, 1967 жылы туған, уақытша жұмыс істемейді, Андықожа батыр ауылында тұрады, «AMANAT» партиясымен ұсынылған.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45-бабына сәйкес, 2026 жылғы 15 маусымдағы № 105 шешімімен 2026 жылғы 14 маусымда сайланған Біржан сал ауданы Донской ауылдық округінің әкімін тіркеді.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Біржан сал ауданының Заурал ауылдық округі әкімінің сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

Заурал ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша Заурал сайлау округі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 363 азамат енгізілді, олардың ішінде 280 дауыс берді. Жарамсыз деп

танылған бюллетеньдер саны – 6, «Барлығына қарсы» жолында белгісі бар – 21.

Өр кандидат үшін берілген дауыстар саны: Т.Т.Бужбанов – 152; О.В.Жукова – 25; А.Ж.Қаматаева – 76.

Заурал ауылдық округінің әкімі болып Толқын Төлепұлы Бужбанов, 1965 жылы туған, уақытша жұмыс істемейді, Заураловка ауылында тұрады, «AMANAT» партиясымен ұсынылған.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45-бабына сәйкес, 2026 жылғы 15 маусымдағы № 106 шешімімен 2026 жылғы 14 маусымда сайланған Біржан сал ауданы Заурал ауылдық округінің әкімін тіркеді.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Біржан сал ауданының Заозерное ауылы әкімінің сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындыларын белгіледі:

Заозерное ауылы әкімінің сайлауы бойынша Заозерное сайлау округі:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 141 азамат енгізілді, олардың ішінде 104 дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 3, «Барлығына қарсы» жолында белгісі бар – 4.

Өр кандидат үшін берілген дауыстар саны: Р.Б.Жахин – 12; Қ.Р.Иманқұлов – 70; А.Б.Нісметдінова – 15.

Заозерное ауылының әкімі болып Қанат Рамазанұлы Иманқұлов, 1986 жылы туған, Біржан сал ауданы «Жер қатынастары бөлімі» ММ-нің бас маманы, Степняк қаласында тұрады, «AMANAT» партиясымен ұсынылған.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45-бабына сәйкес, 2026 жылғы 15 маусымдағы № 107 шешімімен 2026 жылғы 14 маусымда сайланған Біржан сал ауданы Заозерное ауылының әкімін тіркеді.

Біржан сал ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне – 5 жыл

2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (әрі қарай – ӘРПК) еліміздің құқықтық жүйесіндегі маңызды реформалардың бірі болды. Кодекстің басты мақсаты – азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы жария-құқықтық дауларды әділ шешу, мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен жауапкершілігін арттыру.

ӘРПК қабылданғанға дейін азаматтар мемлекеттік органдардың шешімдерімен келіспеген жағдайда өз құқықтарын қорғауда көптеген қиындықтарға тап болатын. Ал жаңа кодекс әкімшілік әділет институтын қалыптастырып, «халыққа қызмет ететін мемлекет» қағидатын нақты жүзеге асыруға жол ашты. Бұл құжат мемлекеттік орган мен азаматтың соттағы мүмкіндіктерін теңестіруге бағытталды.

Кодекстің басты ерекшеліктерінің бірі – соттың белсенді рөлі. Әкімшілік соттар енді тек тараптардың дәлелдерін күтуден шектелмей, істің мән-жайын толық әрі жан-жақты зерттеуге міндеттелді. Сонымен қатар, күмен туындаған жағдайда заң нормалары азаматтың пайдасына түсіндіріледі. Бұл – азаматтардың құқықтарын қорғаудағы маңызды қадам.

Соңғы бес жыл ішінде ӘРПК қоғамда құқықтық мәдениеттің қалыптасуына оң ықпал етті. Азаматтар мемлекеттік органдардың әрекеттеріне шағымдану тетіктерін белсенді пайдалана бастады. Мемлекеттік мекемелер де шешім қабылдау барысында заң талаптарын мұқият сақтауға көңіл бөлуде. Нәтижесінде мемлекеттік басқару жүйесінде ашықтық пен есептілік деңгейі артты.

ӘРПК-нің тағы бір маңызды тұсы – татуластыру рәсімдерінің дамуы. Кодекс дауларды сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік беретін тетіктерді қарастырды. Бұл уақытты үнемдеуге, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенімді нығайтуға ықпал етті.

Дегенмен, бес жыл ішінде шешімін күткен мәселелер де байқалды. Кейбір азаматтардың ӘРПК нормалары туралы ақпараттануы әлі де төмен. Сонымен қатар, құқық қолдану тәжірибесінде бірізділікті қажет ететін жағдайлар кездеседі. Сондықтан құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейту, судьялар мен мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығын жетілдіру маңызды болып қала береді.

Қорытындылай келе, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – Қазақстандағы құқық үстемдігін нығайтуға бағытталған тарихи реформалардың бірі. Оның бес жылдық тәжірибесі азаматтардың құқықтарын қорғауда жаңа мүмкіндіктер ашып, мемлекеттік басқару жүйесінің сапасын арттыруға ықпал еткенін көрсетті. Алдағы уақытта кодексті одан әрі жетілдіру арқылы әділетті әрі тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру жалғаса береді.

Фархат АБДІРАЙЫМОВ,

Біржан сал аудандық сотының төрағасы.

Отбасы – діни экстремизмге қарсы иммунитеттің берік іргетасы

Қазіргі қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жастарды деструктивті діни ағымдар мен экстремистік идеологиялардың ықпалынан қорғау. Бұл бағыттағы жұмыста мемлекеттік органдармен қатар отбасының да рөлі айрықша. Өйткені отбасы – тұлғаның дүниетанымы қалыптасатын, рухани және адамгершілік құндылықтар бойына сіңірілетін алғашқы әлеуметтік орта.

Діни экстремизм мен радикализм қоғамның тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне және ұлт бірлігіне қауіп төндіретін факторлардың бірі болып табылады. Мұндай теріс идеологиялардың алдын алу ең алдымен отбасы тәрбиесінен басталады. Себебі бала қоршаған ортаға деген көзқарасын, мінез-құлқын, өмірлік ұстанымдарын отбасында қалыптастырады.

Бүгінгі таңда интернет пен әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы жастардың түрлі ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуіне мүмкіндік беріп отыр. Алайда ақпарат кеңістігінде діни құндылықтарды бұрмалап түсіндіретін, қоғамға жат көзқарастарды насихаттайтын материалдар да кездеседі. Сондықтан ата-аналардың балаларының ақпараттық сауаттылығына көңіл бөліп, олармен тұрақты түрде ашық әңгімелесуі аса маңызды.

Отбасындағы өзара сенім мен сыйластық баланың сыртқы теріс ықпалдарға қарсы тұра алу қабілетін күшейтеді. Баланың ой-пікірімен санасу, оның сұрақтарына жауап беру және өмірлік қиындықтарды бірге талқылау – жат идеологиялардың ықпалына түсу қаупін азайтатын маңызды факторлар. Ата-ананың бала өміріне бейжай қарамауы, оның ортасын білуі және рухани дамуына көңіл бөлуі қауіптің алдын алуға ықпал етеді.

Сонымен қатар діни сауаттылық мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Діннің шынайы мәнін түсіну, оның бейбітшілікке, мейірімділікке және адамгершілікке негізделгенін білу жастардың түрлі радикалды идеяларға сыни тұрғыдан қарауына мүмкіндік береді. Осы ретте дәстүрлі құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді және қазақстандық қоғамның бірлік пен келісім қағидаттарын дәріптеудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасында конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылық мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл құндылықтарды сақтау әрбір азаматтың, әрбір отбасының ортақ міндеті. Отбасында патриотизмді, заңға құрметті, жауапкершілік пен толеранттылықты қалыптастыру арқылы қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайтуға болады.

Қорытындылай келе, отбасы – діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға ең маңызды қорғаныс тетігі. Берік отбасы құндылықтары, сапалы тәрбие, рухани байлық пен діни сауаттылық жастардың теріс идеологияларға қарсы иммунитетін қалыптастырады. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, оның бойына адамгершілік, ізгілік және отансүйгіштік қасиеттерді сіңіруге күш салуы қажет.

Ақмола облысында да деструктивті діни ағымдардың алдын алу, халықтың діни сауаттылығын арттыру және конфессияаралық келісімді нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы іс-шаралардың нәтижелі болуы отбасы институтының беріктігіне және қоғамның ортақ жауапкершілігіне тікелей байланысты.

М.САИРАН,

Ақмола облысы Дін істері басқармасының

«Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы»

мониторинг және қарсы насихат бөлімінің басшысы.



Тікелей сайлау – жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайтудың маңызды қадамы

Ағымдағы жылдың 14 маусымында Донской және Заурал ауылдық округтерінде, сондай-ақ Заозерное ауылында әкім сайлауы өтті. Бұл маңызды қоғамдық-саяси науқан жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі дамытуға серпін беріп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың есеп беретін, ашық әрі халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға бағытталған реформаларының жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын көрсетті.

Сайлау науқаны Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес ұйымдастырылды. Дауыс беру учаскелері қажетті талаптарға сай жабдықталып, сайлаушылардың еркін таңдау жасауына барлық жағдай жасалды. Учаскелерде жасырын дауыс беруге арналған кабиналар, ақпараттық материалдар мен сайлаушылар тізімдері орналастырылды. Сонымен қатар сайлау комиссияларының мүшелері, бақылаушылар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін арнайы жұмыс орындары қарастырылды. Мәлдір сайлау жәшіктері мен арнайы мөрлердің қолданылуы сайлау үдерісінің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етті.

Айта кету керек, 2021 жылдан бастап Қазақстанда Мемлекет басшысының бастамасымен ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәжірибесі енгізілді. Бұл қадам азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын нығайтуға жол ашты. Сонымен қатар жергілікті атқарушы биліктің халық алдындағы жауапкершілігін арттырып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі қағидаттарын жүзеге асыруға ықпал етуде.

Дауыс беру таңғы сағат 7:00-де басталды. Алғашқы

минуттардан-ақ тұрғындар сайлау учаскелеріне белсенді түрде келіп, азаматтық борыштарын орындады. Көптеген сайлаушылар отбасыларымен, көршілерімен және достарымен бірге келіп, туған өлкесінің болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті.

Тұрғындардың белсенділігі олардың өз елді мекендерінің дамуына жауапкершілікпен қарайтынын және өңірдің келешегіне қатысты маңызды шешім қабылдауға мүдделі екенін айқын аңғартты.

Донской сайлау округінде сайлаушылар тізіміне 622 азамат енгізіліп, олардың 371-і дауыс берді. Дауыс беру қорытындысы бойынша Донской ауылдық округінің әкімі болып 1967 жылы туған, Андықожа батыр ауылының тұрғыны Жұмабек Рахымғалиұлы Әубәкіров

сайланды.

Заурал сайлау округінде 363 азамат сайлаушылар тізіміне енгізіліп, олардың 280-і дауыс беруге қатысты. Нәтижесінде Заурал ауылдық округінің әкімі болып 1965 жылы туған, Заураловка ауылының тұрғыны Толқын Төлепұлы Бужбанов сайланды.

Ал Заозерное ауылында сайлаушылар тізіміне енгізілген 141 азаматтың 104-і өз таңдауын жасады. Сайлау қорытындысы бойынша Біржан сал ауданының жер қатынастары бөлімінің бас маманы, 1986 жылы туған Қанат Рамазанұлы Иманқұлов Заозерное ауылының әкімі болып сайланды.

Сайлаушылар өз таңдауларын жасай отырып, тек белгілі бір кандидатқа ғана емес, ауылдық аумақтардың алдағы даму бағытына да дауыс берді.

Үміткерлердің сайлауалды бағдарламаларында жолдарды жөндеу және салу, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, елді мекендерді абаттандыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, жастар бастамаларын қолдау және аға буын өкілдеріне қамқорлық көрсету сияқты маңызды бағыттар қамтылды.

Сайлау науқаны тыныш әрі ұйымдасқан жағдайда өтті. Заңнамада көзделген барлық рәсімдер толық сақталып, сайлаушылар жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсетіп, бюллетень алып, арнайы кабиналарда дауыс берді.

Дауыс беру аяқталғаннан кейін сайлау комиссиялары белгіленген тәртіпке сәйкес дауыстарды санап, қорытындысын шығарды. Барлық рәсімдер ашықтық пен жариялық қағидаттарын сақтай отырып жүргізілді.

Өткен сайлау жергілікті билік органдарын қалыптастырудың маңызды тетігі ғана емес, сонымен қатар халықтың жоғары азаматтық белсенділігінің айқын көрінісі болды. Мұндай саяси науқандар демократиялық институттарды нығайтуға, азаматтардың қоғамдық-саяси үдерістерге ашықтық кеңейтуге және халықпен ашық диалог жүргізетін тиімді, әділ әрі жауапты мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Дина АҚЫШЕВА.



• Халық игілігі жолындағы мемлекеттік қызметшілер

Мемлекеттік қызметші – халық сенімінің өкілі

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден», - деп Алаш арысы Әлихан Бөкейхан айтқандай, халықпен жұмыс істеу үшін ең алдымен жағымды мінез-құлық, жауапкершілік және адамгершілік қасиеттер қажет. Мемлекеттік қызметші тек өз міндетін атқарушы маман ғана емес, ол – мемлекет пен халық арасындағы алтын көпір.

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы мен әділдігі қоғамның мемлекетке деген сенімін қалыптастырады. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз ісіне жауапкершілікпен қарап, азаматтардың мәселелерін шешуге бар күш-жігерін салуы тиіс. Әдептілік, сыпайылық және кәсібилік мемлекеттік қызметтің басты талаптарының бірі болып саналады. Бүгінде мемлекеттік қызметшілер елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келеді. Олар мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырып, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында еңбек етеді. Мемлекеттік қызметтің басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сапалы қызмет көрсету және қоғамның тұрақты дамуына жағдай жасау.

Біздің ауданымызда да халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер аз емес. Осындай ел игілігі жолында ұзақ жылдар бойы табынды еңбек етіп келе жатқан жандардың бірі – Үлгі ауылдық округінің әкімі **Абжанова Рысжан Жолданғарқызы**.

Рысжан Жолданғарқызы 1963 жылдың 11 қыркүйегінде Көкшетау облысы Көкшетау ауданының Еленовка ауылында дүниеге келген. Қазақ қызы жастайынан еңбекқорлық пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдырды.

Еңбек жолын 1980 жылы Гагарин атындағы совхозда жұмысшы болып бастаған ол кейін мектепке дейінгі тәрбие саласында қызмет атқарып, ауыл балаларының тәрбиесіне үлес қосты. Уақыт өте келе білім мен тәжірибесін мемлекеттік қызметте жалғастырып, кітапхана саласында, кадр қызметінде, аудандық мекемелерде түрлі жауапты лауазымдарды атқарды. Еңбекшілер ауданы мен кейінгі Біржан сал ауданында аудандық мәслихат аппаратының жетекші маманы, бас маманы, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарды.

2021–2022 жылдары Біржан сал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы болып қызмет етіп, халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысты. Кейін аудан әкімдігі аппаратының құжаттау бөлімін басқарды. 2022 жылдың қазан айынан бастап Рысжан Жолданғарқызы Үлгі ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді. Бұл лауазымда ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға және мемлекеттік бағдарламалардың сапалы орындалуына үлес қосып келеді.

Рысжан Жолданғарқызының жалпы еңбек өтілі 35 жылдан асса, мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі 18 жылдан астам уақытты құрайды. Осындай мол тәжірибе мен өмірлік ұстаным оның әрбір бастамасының нәтижелі болуына негіз болып отыр.

Өз ісіне адалдық, халыққа жанашырлық және жауапкершілік – Рысжан Жолданғарқызы басты қасиеттері. Ұзақ жылғы қажырлы еңбегі мен ел игілігі жолындағы қызметі жас буынға үлгі болары сөзсіз.

Елдің дамуы – еңбек адамының еңбегімен өлшенеді. Ал Рысжан Жолданғарқызы сынды азаматтардың өмір жолы



осы сөздің айқын дәлелі.

Аяулы әже, ардақты ана – отбасының ұйытқысы, берекенің бастауы. Ол ұзақ жылдар бойы отбасылық құндылықтарды сақтап, өнеге мен тәрбиені ұрпақ бойына сіңіріп келген сыйлы жан. Отбасында 40 жыл отасқан жолдасы Ғалымжан Досжанұлымен үш ұл сүйіп, Досжановтар әулетінің берекелі шаңырағын құрып отырған өнегелі отбасы ретінде танымал. Бұл отбасы – бірлік пен сыйластықты, өзара түсіністік пен жауапкершілікті өмірлік ұстаным еткен жандардың жарқын үлгісі.

Балаларына жоғары білім беріп, әрқайсысының өз жолын табуына бағыт берген ата-ана бүгінде еңбектерінің жемісін көріп отыр. Үш ұлынан сегіз немере сүйіп отырған бұл әулет – ұрпақ сабақтастығын жалғаса берекелі отбасы. Үлкен ұлы Ержан Астана қаласында жеке кәсіпкерлік ісін дамытып, елордада табысты кәсіп иесі ретінде танылуда. Ол өз ісіне адалдықпен қарап, еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында кәсіпкерлік саласында өзіндік орнын қалыптастырған. Екінші ұлы Нұржан Ішкі істер министрлігінде қызмет атқарып, подполковник шенінде ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында абыройлы қызмет етіп жүр. Ол заңдылық пен тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау ісінде жоғары жауапкершілік танытып, кәсіби біліктілігімен ерекшеленеді. Кенже ұлы Батырғали ата-анасының қолында, шаңырақтың берекесін сақтап, отбасылық жылылықты жалғаса отыр. Оның жұбайы Зарина Үлгі ауылында медбике болып еңбек етіп, ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтауға өз үлесін қосуда. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, ел алғысына бөленіп жүрген білікті маман. Батырғалидың екі қызы ата-әжесінің мейірімін көріп, өсіп келе жатқан отбасының қуанышы мен үміті болып табылады. Осындай берекелі шаңырақ – бірлік пен еңбектің, сыйластық пен адамгершіліктің жарқын үлгісі.

Ұзақ жылдар бойы тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан бұл әулет – ел ішіндегі үлгілі отбасылардың бірі. Олардың өмір жолы – ұрпаққа өнеге, қоғамға үлгі. Досжановтар әулетінің өмірлік ұстанымы – адалдық пен еңбекқорлық. Отбасы мүшелері қай салада болмасын өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, қоғамға пайдасын тигізуге тырысады. Бұл – ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты құндылықтардың бірі.

Мұндай өнегелі әулеттер ауданымыздың ғана емес, жалпы қоғамның рухани дамуына зор үлес қосады. Себебі отбасы тәрбиесі – ел болашағының негізі. Тәрбиелі ұрпақ есірген отбасы әрқашан құрметке лайық.

Қуаныш НУРКУШЕВА.

• Мемлекеттік қызметшілер күніне орай

Саналы ғұмыр – халық қызметінде

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтің беделі мен сапасы ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Халыққа тікелей қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлердің адалдығы мен әділдігі, өз міндетіне деген жауапкершілігі қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың билікке деген сенімін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі. Мемлекеттік қызмет – бұл тек лауазым емес, ең алдымен үлкен жауапкершілік пен жоғары моральдық талапты қажет ететін маңызды миссия. Әрбір мемлекеттік қызметкер өз жұмысында заңдылықты қатаң сақтап, әділ шешім қабылдауға ұмтылуы тиіс, себебі олардың әрбір іс-әрекеті халықтың өмір сапасына тікелей әсер етеді.

Адалдық – мемлекеттік қызметкердің ең басты құндылығы, ол жеке мүддеден гөрі қоғам мүддесін жоғары қоюды, қызмет барысында ашықтық пен шынайылықты талап етеді, ал адал қызмет атқарған тұлға ғана халықтың сеніміне ие бола алады, ал сенім – мемлекеттік басқару жүйесінің берік негізі. Осындай ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан азаматтардың бірі – Степняк қаласы әкімдігі аппаратының бас маманы **Байзақова Гүлсін Абжанқызы**. Ол 1966 жылдың 23 маусымында бұрынғы Еңбекшілер, қазіргі Бурабай ауданының Мәдениет ауылында дүниеге келген, еңбекке ерте араласып, жастайынан белсенділігімен, жауапкершілігімен және ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленді.

Еңбек жолын 1984 жылы мәдениет саласынан бастап, ауылдық мәдениет үйінде көркемдік жетекші қызметін атқарды, кейін мәдениет үйінің директоры болып, ауыл тұрғындарының рухани өмірін жандандыруға үлкен үлес қосты, сол жылдары қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ұйымдастырушылық қабілетімен танылды. Әр жылдары өндіріс, ауылдық округ әкімдігі, мәдениет және құқықтық саладағы түрлі қызметтерде еңбек етіп, Шұқыркөл ауылдық округінде маман, жетекші маман ретінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасуына атсалысты, сондай-ақ кітапхана ісі мен мәдениет саласының дамуына да өз үлесін қосты.

2007 жылдан бастап мемлекеттік қызмет саласындағы жауапты міндеттерді атқаруға кірісіп, Еңбекшілер ауданы әкімдігі мен аудандық әділет басқармасында құқықтық түсіндіру, нотариат және халыққа заң көмегін көрсету бағытында қызмет етіп, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және мемлекеттік қызмет сапасын көтеруге үлес қосты. Кейін Біржан сал ауданының жер қатынастары бөлімінде бас маман болып еңбек етіп, жер заңнамасын жүзеге асыру мен азаматтардың өтініштерін қарау ісінде жауапкершілік танытты. 2019 жылдан бері Степняк қаласы әкімдігі аппаратының бас маманы ретінде қызмет атқарып



келеді, бүгінгі таңда жергілікті атқарушы орган жұмысының тиімді ұйымдастырылуына, тұрғындармен байланысты нығайтуға және мемлекеттік саясаттың жергілікті деңгейде сапалы іске асуына өз үлесін қосуда.

Гүлсін Абжанқызының жалпы еңбек өтілі 41 жылдан асып, мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі 22 жылдан артық уақытты құрайды, бұл оның кәсіби біліктілігі мен өмірлік тәжірибесінің айқын дәлелі. Ұзақ жылғы адал еңбегі мен жауапкершілігі арқасында ол әріптестері арасында сыйлы маман, өз ісінің нағыз кәсіби шебері ретінде танылды, қай салада еңбек етсе де халық мүддесін биік қойып, өз міндетін абыроймен атқарып келеді.

Осындай өнегелі еңбек жолымен қатар, оның отбасы да көпшілікке үлгі боларлықтай берекелі шаңырақ болып саналады, 1986 жылы Байзақов Құрманбай Нұртазаұлымен отау құрып, сол кезден бері қос жүрек 40 жыл бойы бір-біріне сүйеніш болып, ынтымағы жарасқан бақытты отбасының үлгісін көрсетіп келеді. Бұл әулетте ұлы Қайрат, қыздары Гүлсара мен Гүлнұза тәрбиеленіп, ата-анасының мейірімі мен өнегесін көріп өсті, бүгінде жоғары білім алып, өмірден өз орындарын тапқан азаматтар қатарында. Отбасының қызығы мен берекесін арттырған немере мен жиендердің шат күлкісі де бұл шаңырақты одан әрі нұрландырып отыр, Малика, Мәриям, Ләйлім есімді жиендері мен Аяла, Әли есімді немерелері ата-әжесінің мейіріміне бөленіп өсіп келеді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, ұрпағына тәлімді тәрбие мен жоғары білім берген ардақты ана бүгінде немере сүйіп отырған бақытты әже ретінде ел құрметіне бөленіп отыр. Құрманбай Нұртазаұлы екеуінің 40 жылдық ортақ өмір жолы – сыйластықтың, өзара түсіністіктің, сабыр мен шынайы махаббаттың жарқын үлгісі болып, кейінгі ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

Қуаныш НУРКУШЕВА.



• Медицина қызметкері күніне орай

Өз ісіне адал дәрігер

Медицина қызметкері күні қарсаңында Біржан сал ауданы ауруханасының жас әрі болашағынан зор үміт күттіретін маманы – сәулелік диагностика дәрігері **Малика Бақытқызы Қасымжанова** туралы айтып келеді. Оның кәсіби жолы таңдаған мамандығына адалдықпен, пациенттер алдындағы жоғары жауапкершіліктің және адамдарға көмектесуге деген шынайы ұмтылыстың жарқын үлгісі болып табылады.

Малика Бақытқызы 1994 жылдың 9 қазанында Алматы қаласында дүниеге келген. Мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ жаратылыстану ғылымдары мен медицинаға ерекше қызығушылық танытқандықтан, болашақ мамандығын саналы түрде таңдады. Мектепті тәмамдаған соң еліміздегі жетекші медициналық жоғары оқу орындарының бірі – С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне оқуға түсіп, мықты теориялық білім мен қажетті кәсіби даярлықтан өтті.

Білім мен тәжірибесін жетілдіруге ұмтылған жас маман 2019–2021 жылдары резиденттурада білім алды. Оқу Ақмола облысы қаржыландырылған өңірлерді білікті медициналық кадрлармен қамтамасыз ету бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Оқуын аяқтағаннан кейін жас дәрігердің алдында еңбек жолын қай жерде бастау жөнінде таңдау тұрды. Малика Бақытқызы өзінің білімі мен кәсіби қабілеті аса қажет болатын өңірде қызмет етуді жөн көрді. Осылайша 2021 жылы Біржан сал аудандық ауруханасында еңбек жолын бастады.

Оның ауданға келуі отандық денсаулық сақтау саласы үшін ең күрделі кезеңдердің бірі – коронавирус пандемиясымен тұспа-тұс келді. Жас дәрігер бірден қарқынды жұмысқа араласып, үлкен жауапкершілікті өз мойнына алды. Сол уақытта Малика Бақытқызы жалпы тәжірибелік дәрігер ретінде қызмет атқарып, әріптестерімен бірге COVID-19 індетінің таралуына қарсы іс-шараларға белсенді қатысты.

– Бұл барлық медицина қызметкерлері үшін оңай кезең болған жоқ. Тез шешім қабылдауға, адамдармен көп жұмыс істеуге, ауданның елді мекендеріне барып вакцинация жүргізуге, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға және медициналық көмек көрсетуге тура келді. Дәл сол уақытта алғашқы үлкен кәсіби тәжірибемді жинақтадым, – деп еске алады дәрігер.

Ауылдық елді мекендерге жасалған көптеген іссапарлар, әртүрлі жастағы пациенттермен жұмыс, жоғары жауапкершілік пен өзгермелі жағдайларға жедел әрекет ету қажеттілігі жас маман үшін үлкен кәсіби мектепке айналды. Бұл кезең оған тәжірибе жинақтап қана қоймай, медицинаның өз өмірлік таңдауы екеніне көз жеткізуге мүмкіндік берді.

Бүгінде Малика Бақытқызы сәулелік диагностика дәрігері болып қызмет етеді. Бұл сала жоғары біліктілікті, ұқыптылықты және кәсіби білімді үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін дұрыс талдау көбіне ауруларды дер кезінде анықтауға және емдеудің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Дәрігердің негізгі міндетіне рентгенография, флюорография және маммография нәтижелерін сипаттау мен талдау кіреді. Күн сайын оның алдынан ондаған сурет өтеді. Ал сол суреттердің әрқайсысының артында адамның тағдыры, денсаулығы мен өмір сапасы тұр. Сондықтан бұл жұмыс барынша мұқияттылықты, кәсіби жауапкершілікті және терең білімді талап етеді.

Әріптестері Малика Бақытқызын еңбекқор, мейірімді әрі пациенттерге ерекше ілтипатпен қарайтын маман ретінде бағалайды. Жастығына қарамастан, ол ұжымның құрметіне бөленіп, аудан тұрғындарының сеніміне ие болды. Пациенттер оны кәсіби білімі, жанашырлығы және әрдайым көмек көрсетуге дайын тұратыны үшін қадірлейді.

Жас маманның өмірінде отбасының да алар орны ерекше. Малика Бақытқызы отбасыты, екі баланың анасы. Дәрігерлік қызмет пен аналық міндетті қатар алып жүру оңай емес екенін айтқанымен, оның жанында әрдайым сенімді тірегі – жұбайы Архат бар.

Малика Бақытқызы жұмыста болып, науқастардың денсаулығына жауапты міндеттерін атқарып жүрген кезде, жұбайы балалар тәрбиесі мен үй шаруасының едәуір бөлігін өз мойнына алады. Осындай өзара түсіністік пен қолдау отбасының берекесін арттырып, барлық қиындықтарды бірге еңсеруге көмектеседі.

Бос уақыттарын отбасы мүшелері бірге өткізгенді ұнатады. Демалыс күндері олар Бурабай өңіріне жиі барып, табиғат аясында тынығып, таза ауамен тыныстап, жаңа жұмыс аптасына күш-қуат жинайды. Мұндай сәттер күнделікті күйбең тіршіліктен арылып, жақындарымен бірге уақыт өткізуге және жан тыныштығын сақтауға мүмкіндік береді.

Бағдарлама талаптарына сәйкес жас маман ауданға келгеннен кейін үш жыл еңбек етуі тиіс болатын. Алайда бұл мерзім аяқталғанына қарамастан, Малика Бақытқызы Біржан сал ауданынан кетуге асықпайды. Осы жылдар ішінде ол Степняк өңірін жақсы көріп, жергілікті тұрғындарға бауыр басып, үлкен медициналық ұжымның ажырамас мүшесіне айналды.

– Маған бұл жерде жұмыс істеген ұнайды. Ұжым мен үшін екінші отбасыма айналды. Әріптестерімнің қолдауы мен жылы қарым-қатынасына ризамын. Әсіресе жас мамандарға әрдайым қолдау көрсетіп, кәсіби дамуға жағдай жасап жүрген аудандық аурухананың бас дәрігері Маралбек Жиналысулына ерекше алғысымды білдіремін, – дейді Малика Бақытқызы.

Бүгінде ол аудан тұрғындарының денсаулығын сақтауға өз үлесін қосып, абыройлы қызметін жалғастыруда. Оның өмір жолы мамандығына деген сүйіспеншілік, жауапкершілік пен адамдарға көмектесуге деген ықылас жас мамандарға үлкен қалалардан шалғай өңірлерде де өз орнын табуға мүмкіндік беретінінің айқын дәлелі.

Медицина қызметкерлері күні қарсаңында Малика Бақытқызына зор денсаулық, отбасылық бақыт, кәсіби табыс, жаңа жетістіктер мен алғысқа толы күндер тілейміз. Таңдаған мамандық жолы әрдайым қуаныш сыйлап, әріптестерінің құрметіне және ел-жұрттың ықыласына бөлене берсін.

Дина АҚЫШЕВА.



• Полиция күніне орай

Бір мақсат, бір міндет: Қасымовтар отбасының ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫ

Жыл сайын 23 маусымда Қазақстан Республикасында Полиция күні аталып өтеді. Бұл – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, елдегі құқықтық тәртіп пен тыныштықты сақтауға өз өмірін арнаған тәртіп сақшыларының кәсіби мерекесі. Әрбір полиция қызметкерінің жетістігінің артында оның сенімді отбасысы, қызметтің қиындығы мен жауапкершілігін бірге көтеріп жүрген жақындары тұрады.

Осындай абыройлы қызметті өмірлік мұратына айналдырған жандардың бірі – Біржан сал ауданы полиция бөлімінде еңбек етіп жүрген **Қасымовтар отбасы**.

Отасы Бектас Жанатұлы Қасымов ішкі істер органдарындағы қызметін 2013 жылы бастаған. Көкшетау қаласындағы жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, ел тыныштығын қорғауды өзіне парыз санап, полиция қызметіне келеді. Еңбек жолын жауынгерлік даярлық пәнінің оқытушысы ретінде бастаған ол алғашқы күннен-ақ жауапкершілігі жоғары, тәртіпті әрі білікті маман ретінде танылды.

2014 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Бектас Жанатұлы Біржан сал ауданы полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік саласында учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарып келеді. Учаскелік инспектордың жұмысы кәсіби білім мен тәжірибені ғана емес, адамдармен тіл табыса білуді, тұрғындардың мәселелеріне бейжай қарамауды және кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдай білуді талап етеді. Ол күн сайын халықпен тығыз байланыста болып, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізеді.

Көпжылдық адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін Бектас Жанатұлы Ақмола облысы полиция департаменті басшылығының грамоталары және алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған. Өріптестері арасында беделге ие қызметкер өз міндетін абыроймен атқарып келеді.

Бектас Жанатұлының өмірлік серігі Аида Амантайқызы Қасимова да ішкі істер саласындағы еңбек жолын таңдаған. Ол 2012 жылы Біржан сал ауданы полиция бөлімінің кеңсе қызметінде жетекші маман болып жұмысқа қабылданған. Өзінің ұқыптылығы, жауапкершілігі және еңбекқорлығының арқасында қызметте мол тәжірибе жинақтады.

2021 жылдан бері Аида Амантайқызы аудандық полиция бөлімінің мемлекеттік құпияларды қорғау тобының инспекторы қызметін атқарып келеді. Бұл сала ерекше жауапкершілікті, заң талаптарын қатаң сақтауды және жоғары кәсібилікті қажет етеді. Мемлекеттік маңызы бар ақпараттың сақталуы мен қауіпсіздігі осы бағыттағы қызметкерлердің біліктілігіне тікелей байланысты.

Ерлі-зайыпты Қасымовтар полиция қызметінің қыр-сырын жақсы түсінеді. Олар тәртіп сақшысының жұмысы белгілі бір уақытпен шектелмейтінін, кейде жеке уақыт пен тынығудан бас тартып, азаматтардың қауіпсіздігі үшін еңбек етуге тура келетінін жақсы біледі. Сондықтан олардың отбасында өзара қолдау, түсіністік пен сыйластық ерекше орын алады.

Қасымовтар отбасы қызметпен қатар бала тәрбиесіне де үлкен мән береді. Олар бүгінде екі баланы тәрбиелеп отыр. Ұлдары Айсұлтан футбол спортына қызығып, түрлі жарыстарға қатысып жүр. Ал қыздары Аяла биыл бірінші сыныпты сәтті аяқтап, ата-анасын жақсы жетістіктерімен қуантуда.

Бос уақыттарында отбасы табиғат аясына шығып, отбасылық демалыс ұйымдастыруды ұнатады. Бірге серуендеп, дәмханаларға барып, балаларымен сырласып, уақыт өткізуді жақсы көреді. Осындай сәттер олардың отбасылық бірлігін нығайтып, жаңа жетістіктерге жігер береді.

Қасымовтар отбасының өмір жолы – кәсібіне адалдық пен отбасылық құндылықтардың үйлесім тапқан жарқын үлгісі. Олар өз еңбектерімен қоғамға қызмет етудің, Отан алдындағы жауапкершілікті сезінудің және отбасы берекесін сақтаудың маңызын көрсетіп келеді.

Полиция күні қарсаңында Қасымовтар отбасына зор құрмет пен алғыс білдіреміз. Олардың ел тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жолындағы еңбегі жас қызметкерлерге үлгі, ал берік отбасысы – олардың басты байлығы.

Қасымовтар әулетіне зор денсаулық, отбасылық бақыт, толағай табыс пен қызметте жаңа жетістіктер тілейміз. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі жолындағы еңбектері әрдайым жоғары бағалана берсін!

Дина АҚЫШЕВА.



Спорт – салауатты ұлттың кепілі

Спорт – адам денсаулығын нығайтатын, жастардың бойында табандылық, тәртіп пен жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыратын маңызды сала. Әсіресе бұқаралық спорт пен балалар және жасөспірімдер спортының дамуы – мемлекеттің болашағына салынған инвестиция. Спортпен тұрақты айналысатын жас ұрпақ дені сау, белсенді әрі мақсаткер болып өседі. Сондықтан елімізде балалар спортына ерекше көңіл бөлініп, түрлі деңгейдегі жарыстар мен чемпионаттар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Осындай маңызды спорттық шаралардың бірі – Ақмола облысының жасөспірімдер арасындағы футбол чемпионаты.

2026 жылғы 9-10 маусым күндері Біржан сал ауданының Степняк қаласындағы орталық стадионда 2016 жылы туған жасөспірімдер арасында Ақмола облысының футбол чемпионаты өтті. Аталған спорттық дода облыстың түкпір-түкпірінен келген жас спортшыларды бір арнаға тоғыстырып, олардың шеберлігін шыңдауға және тәжірибе алмасуына мүмкіндік берді.

Чемпионаттың салтанатты ашылу рәсімі 9 маусым күні ұйымдастырылып, оған спорт ардагерлері, жаттықтырушылар, ата-аналар, жанкүйерлер және аудан тұрғындары қатысты. Қатысушыларға жарыстың маңыздылығы айтылып, жас футболшыларға сәттілік тілектері білдірілді.

Жарысқа Көкшетау және Степногорск қалаларының, сондай-ақ Бұланды және Біржан сал аудандарының командалары қатысып, екі күн бойы өзара тартысты ойындар өткізді. Әр команда жеңіске деген жігерін, жоғары дайындық деңгейін және ұйымшылдығын көрсетті. Алдағы әрбір кездесу қызықты әрі тартысты өтіп, жанкүйерлерге ұмытылмас әсер сыйлады.

Футбол – тек спорттық ойын ғана емес, сонымен қатар достықты, өзара сыйластықты және командалық рухты қалыптастыратын үлкен мектеп. Чемпионат барысында жас спортшылар қарсыластарын құрметтеуді, қиындықтарды бірге еңсеруді және ортақ мақсатқа жету жолында бірлесу өрнектерін көрсетті. Мұндай жарыстар балалардың физикалық дайындығын жетілдіріп қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына да оң әсер етеді.

Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне Біржан сал ауданының Жастар ресурстық орталығы белсенді атсалысты. Орталық ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіріп, қатысушылар мен

қонақтар үшін қолайлы жағдай жасауға үлес қосты. Сонымен қатар жастар спортының дамуына бағытталған бастамаларды қолдау арқылы өңірдегі спорттық қозғалыстың дамуына серпін беріп келеді.

Осындай чемпионаттар жас футболшылардың шеберлігін арттыруға, болашақта үлкен спортқа қадам басуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар салауатты өмір салтын насихаттап, ескең ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

Чемпионат қорытындысы бойынша үздік командалар анықталып, жеңімпаздар салтанатты түрде марапатталды. Екі күнге созылған тартысты бәсекең нәтижесінде командалар төмендегідей жүлделі орындарға ие болды: I орын – Көкшетау қаласының командасы жарыс барысында жоғары ойын шеберлігін, ұйымшылдық пен жеңіске деген жігерін көрсеткен Көкшетау қаласының жас футболшылары чемпионы атанды. II орын – Степногорск қаласының командасы тартысты кездесулерде табандылық танытып, үздік ойын өрнегін көрсеткен Степногорск қаласының командасы күміс жүлдені жеңіп алды. III орын – Біржан сал ауданының командасы өз алаңында намысты қолдан бермей, жанкүйерлер сенімін ақтаған Біржан сал ауданының жас спортшылары құрметті үшінші орынға ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және дипломдармен марапатталды. Барлық қатысушыларды жарқын жетістіктерімен құттықтап, алдағы жарыстарда жаңа жеңістер мен биік белестер тілейміз.

Қанат ҚҰСАЙЫНОВ,
жастар ресурстық орталығының SMM-менеджері.

Қоғамдық тыңдаулар

«Aina Resources» ЖШС келесі жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

1. Ақмола облысы, Біржан сал ауданындағы Степняк кен орнының алтынды үгілу қыртыстарын өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы, сондай-ақ «Ақмола облысы Біржан сал ауданындағы Степняк кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарын» әзірлеу үшін жою міндеттерін, нұсқаларын, іс-шараларын және орындау өлшемшарттарын айқындау мақсатында.

Тыңдаулар өткізілетін орындар:
• 24.07.2026 ж. сағат 15:00-де, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қ., Біржан сал көшесі, 36, Мәдениет үйі;
• 24.07.2026 ж. сағат 17:00-де, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі ауылы, Новостроек көшесі, 43, Мәдениет үйі.
2. Ақмола облысы Біржан сал ауданындағы Степняк кен орнының алтынды үгілу қыртыстарын өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген жобалық материалдар.

Тыңдаулар өткізілетін орындар:
• 31.07.2026 ж. сағат 10:00-де, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қ., Біржан сал көшесі, 36, Мәдениет үйі;
• 31.07.2026 ж. сағат 12:00-де, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі ауылы, Новостроек көшесі, 43, Мәдениет үйі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыстың өткізілу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция форматында өткізіледі.

Zoom сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=Ykw5ZjZ1OEF5SjFkVkp0OjR3MmUmb0h1&omn=81653036473>

Қоғамдық тыңдаулар

«Aina Resources» ЖШС Ақмола облысы Біржан сал ауданындағы Степняк кен орнында алтынды үгілу қыртыстарын өндіру бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.

Жария талқылаулар 2026 жылғы 25 маусымнан бастап өткізіліп, Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі жөніндегі ұлттық деректер банкінің сайтында 10 жұмыс күні бойы жалғасады.

Бастамашы: «Aina Resources» ЖШС, БСН 150240015877.

Конференция идентификаторы: 854 588 2756

Қол жеткізу коды: Gr93D4

Бастамашы: «Aina Resources» ЖШС, БСН 150240015877. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жалтыр ауылдық округі, Жалтыр ауылы, Киров көшесі, 10-құрылыс. Директоры – Уажанов Нұржан Өсемханұлы.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «NAZ» ЖК, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, Орталық шағынауданы, 50а/153, тел.: 87017503822.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7162) 402807.

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz/> платформасында және жергілікті атқарушы органның www.upr.akmo.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmolau-pr/activities/directions?lang=ru> сайттарында орналастырылған.

Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға арналған байланыс деректері: e-mail: orazalinova@list.ru тел.: +7 701 750 3822.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжай бойынша қабылданады: upr.expertiza@mail.ru

Жоспарланған қызмет аумағының координаттары: 52°52'59,491" с.е. 70°49'1,637" ш.б.; 52°52'39,634" с.е. 70°49'19,339" ш.б.; 52°52'31,119" с.е. 70°49'19,518" ш.б.; 52°52'45,937" с.е. 70°48'37,701" ш.б.; 52°52'27,631" с.е. 70°47'29,860" ш.б.; 52°51'34,91" с.е. 70°47'15,16" ш.б.; 52°51'24,74" с.е. 70°46'32,50" ш.б.; 52°51'45,13" с.е. 70°46'0,92" ш.б.; 52°52'25,640" с.е. 70°46'24,382" ш.б.; 52°52'51,458" с.е. 70°47'28,240" ш.б.

Әсер ету аумағының координаттары: Степняк қаласы – 52°50'41,22" с.е., 70°47'36,93" ш.б. Үлгі ауылы – 52°53'28,58" с.е., 70°43'26,66" ш.б.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жалтыр ауылдық округі, Жалтыр ауылы, Киров көшесі, 10-құрылыс. Директоры – Уажанов Нұржан Өсемханұлы.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «NAZ» ЖК, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, Орталық шағынауданы, 50а/153, тел.: 87017503822.

Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға арналған байланыс деректері: e-mail: orazalinova@list.ru, тел.: +7 701 750 3822.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі электрондық мекенжай бойынша қабылданады: upr.expertiza@mail.ru.

Меншік иесі және шығарушы – «Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ – ВЕСТИ Еңбекшілерья» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС

Ақпараттық агенттіктің мерзімді баспа басылымын және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік 2025 жылы 2 желтоқсандағы № KZ94VPY00135980 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген. Редактор Д. АҚЫШЕВА

Мекен-жайымыз: 020700, Ақмола облысы, Степняк қаласы, Уәлиханов көшесі, 5а үй. Редакция тел.: 2-19-63. e-mail: gazetastep@mail.ru www.instagram.com/vesti.enbeshilderya www.facebook.com/Редакция Района Биржан сал <https://enbeshilder.kz>

“Дунасарова” жеке кәсіпкер офсеттік тәсілмен басылған. 010005. Астана қаласы, А. Жұбанов көшесі, 24/1 үй. Аптасына 2 рет. Офсеттік тәсілмен басылған, көлемі 1 баспа табақ. Таралымы 280. Тапсырыс 116 Индексі: 65651




Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ

ВЕСТИ Еңбекшілері

14+

• Четверг, 18 июня 2026 года • 48 (10014)
• Цена свободная

Районная газета издается
с июля 1935 года



23 ЖУН
МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ
ДЕНЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО
СЛУЖАЩЕГО

23 июня - День государственного служащего

Поздравление акима района

Уважаемые государственные служащие! Примите сердечные и искренние поздравления с профессиональным праздником - Днем государственной службы Республики Казахстан!

Государственные учреждения являются базовой основой реализации стратегических направлений становления и развития нашей Республики, определенных Президентом РК и Правительством.

Сила государства - в его служащих, от эффективности работы, опыта и самоотверженности которых во многом зависит успех решения государственных проектов и программ. Народ ожидает от вас высокого уровня профессионализма, нравственности, патриотизма, безусловного соблюдения законности.

От вашей деятельности в большой степени зависит социальные и экономические преобразования. И только тогда страна будет успешной и процветающей, когда у нее будет высокопрофессиональное, организованное, правовое и результативное управление.

Я верю, что ваши усилия и впредь будут направлены на развитие казахстанской государственности, обеспечение демократии, экономического развития страны и роста благосостояния народа.

Спасибо вам за работу и преданность государственной службе. Желаю вам и вашим семьям крепкого здоровья, благополучия и успехов во всех начинаниях на благо нашей Родины - Республики Казахстан.

Бауржан КАСЕНОВ.



23 ИЮНЯ
ДЕНЬ ПОЛИЦИИ РК

С Днем Казахской полиции

Поздравление акима района

Уважаемые работники и ветераны органов внутренних дел! От всей души поздравляю вас с профессиональным праздником - Днем Казахской полиции.

В ходе становления независимости нашего государства правоохранительная система претерпела ряд изменений. Но неизменным в ее работе остались защита конституционных прав и свобод граждан, поддержка и обеспечение правопорядка, общественной безопасности населения нашего района. Служба в органах внутренних дел с каждым годом требует все большего профессионализма и ответственности. Курс на демократизацию и социальную модернизацию, заявленный Главой государства, предусматривает, что в рядах органов внутренних дел должны служить высококвалифицированные, эрудированные, интеллектуальные кадры. Соответствие этим требованиям не только позволит пресекать преступность на раннем этапе, но и усилит доверие граждан к полиции, поднимет престиж профессии полицейского.

Уважаемые сотрудники полиции! Искренне благодарю вас за честную службу, за верность выбранной профессии и за преданное служение Закону. Желаю вам достойного выполнения возложенных профессиональных задач, успехов в вашем нелегком труде, главный из которых - доверие людей. Крепкого здоровья и благополучия в семьях!

Бауржан КАСЕНОВ.

Новое назначение

Указом Президента Республики Казахстан К.Токаева от 9 июня 2026 года председателем суда района Биржан сал Акмолинской области назначен Фархат Уалбекович Абдраимов.



С ДНЕМ
МЕДИЦИНСКОГО
РАБОТНИКА!

Третье воскресенье июня - День медицинского работника

Поздравление акима района

Уважаемые работники сферы здравоохранения! Поздравляю вас с профессиональным праздником. Ваша профессия - одна из самых важных, самых трудных и самых нужных на земле. У вас особая миссия: вы на страже самого дорогого богатства - здоровья человека.

День медицинского работника - это хороший повод выразить вам сердечную благодарность за трудолюбие, душевную теплоту, за неустанный труд по спасению людей. Этот праздник - День, когда ценится самоотверженный труд всех работников здравоохранения, которые сердцем ощущают душу человека. Мера вашего труда связана с судьбой тех, кто заново изобрел жизнь. Врач - воплощение человеческой души, обладатель самой благородной, самой почитаемой профессии среди всего многообразия профессий на земле. Ведь для каждого человека нет большей ценности, чем его здоровье и жизнь. В народе есть мудрое слово: «В здоровом теле - здоровый дух», поэтому сегодня профилактика заболеваний остается для нас очень актуальной. Наш основной долг - совершенствовать здоровье, которое является залогом светлого будущего будущих поколений. Всегда с честью выполняйте свой долг.

В канун профессионального праздника примите искреннюю благодарность и признательность за ваш неутомимый труд. Пусть неизменной наградой вам будет благодарность людей, которым вы подарили радость жизни и веру в свои силы. Желаю крепкого здоровья, мира, новых успехов в вашей нелегкой работе.

Бауржан КАСЕНОВ.



«Гусиный хаб»: 5000 гусят переданы сельским жителям района Биржан сал

Данный проект направлен на развитие сельской кооперации, поддержку личных подсобных хозяйств, повышение занятости населения и создание дополнительных источников дохода для сельских семей. Его реализация способствует укреплению экономического потенциала сельских территорий, повышению уровня благосостояния населения и созданию условий для устойчивого развития аграрного сектора.

В Акмолинской области проект успешно реализуется уже третий год подряд и ежегодно вызывает большой интерес сельчан. Благодаря проекту жители сёл получают возможность развивать собственные хозяйства, увеличивать объёмы производства сельскохозяйственной продукции и обеспечивать свои семьи дополнительным доходом. Участие в проекте позволяет сельским жителям не только укрепить материальное положение, но и приобрести практический опыт в сфере птицеводства.

Особое внимание в рамках проекта уделяется разведению гусей породы «Линда». Данная порода заслуженно считается одной из наиболее перспективных благодаря своей высокой продуктивности, неприхотливости к условиям содержания и устойчивости к различным климатическим условиям. Гуси отличаются быстрыми темпами роста и уже за сравнительно короткий период достигают живой массы 4-6 килограммов. Кроме того, птица ценится за высокое качество мяса, которое отличается хорошими вкусовыми характеристиками и пользуется стабильным спросом на рынке. Дополнительным преимуществом является белый пух, широко используемый в текстильной промышленности для производства подушек, одеял и других изделий. Таким образом, разведение гусей позволяет получать доход сразу по нескольким направлениям, что делает данный вид деятельности экономически привлекательным для сельских семей.

Торжественная часть мероприятия прошла в районном Доме культуры города Степняк. В ней приняли участие представители партии

11 июня текущего года в городе Степняк состоялось мероприятие по передаче молодняка гусей сельским жителям района Биржан сал в рамках социально-экономического проекта партии «Ауыл» - «Гусиный хаб».

«Ауыл», общественных организаций, сельхозтоваропроизводители, а также жители района, ставшие участниками проекта.

С приветственным словом к собравшимся обратился аким района Биржан сал Бауржан Касенов. Он подчеркнул важность подобных инициатив для социально-экономического развития сельских территорий, отметив, что проект способствует укреплению личных подсобных хозяйств, повышению уровня занятости и благосостояния сельских жителей.

Также перед участниками выступили заместитель председателя партии «Ауыл» Кайрат Айтуганов, председатель Совета ветеранов Акмолинской области Ермак Нугманов, директор сельскохозяйственного производственного кооператива «Мурза» Владимир Мурза и участник проекта 2025 года, житель села Амангельды Урюпинского сельского округа Аккольского района Сағындық Ибраев. Выступающие отметили положительные результаты реализации проекта в предыдущие годы и выразили уверенность в его дальнейшей эффективности.

В ходе встречи организаторы подробно разъяснили участникам цели и задачи проекта, условия товарного кредитования, порядок возврата продукции, а также особенности содержания, кормления и выращивания птицы. Особое внимание было уделено вопросам ветеринарной безопасности и соблюдения технологий выращивания, позволяющих получить качественную продукцию и максимальный

экономический эффект.

Участники мероприятия выразили благодарность организаторам за возможность получить поддержку для развития своих хозяйств. Проект реализуется сельскохозяйственным производственным кооперативом «Мурза» при поддержке партии «Ауыл», акимата района Биржан сал и РОО «Организация ветеранов».

После завершения официальной части началась выдача молодняка. Передача гусят осуществлялась в строгом соответствии с утвержденными списками участников и установленным количеством поголовья.

Всего в рамках проекта около 80 жителей района получили 5000 гусят на условиях товарного кредита. Такой формат поддержки позволяет сельским семьям без значительных первоначальных вложений развивать собственное хозяйство, производить востребованную сельскохозяйственную продукцию и получать дополнительный доход.

Согласно условиям участия, в ноябре текущего года получатели должны будут передать в СПК «Мурза» пухо-перьевое сырье, полученное от выращенного поголовья, а также вернуть 10 процентов продукции в виде тушек гусей. При этом более 80-90 процентов выращенного мяса остается в распоряжении сельчан. Они могут использовать его для собственных нужд либо реализовать на рынке, получив дополнительную прибыль для семейного бюджета.

Проект «Гусиный хаб» является наглядным примером эффективного взаимодействия сельхозпроизводителей, общественных объединений, местных исполнительных органов и сельских жителей. Его реализация способствует развитию кооперационных связей, поддержке предпринимательской инициативы на селе, созданию новых возможностей для самозанятости и укреплению продовольственной безопасности региона.

Дина АКИШЕВА.

• Выборы - 2026

Сообщение об итогах выборов акимов села Заозерное, Донского и Заураловского сельских округов района Биржан сал, состоявшихся 14 июня 2026 года

14 июня 2026 года состоялись выборы акимов села Заозерное, Донского и Заураловского сельских округов района Биржан сал по трем избирательным округам.

Территориальная избирательная комиссия района Биржан сал в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акима Донского сельского округа района Биржан сал установила итоги выборов:

Донской избирательный округ по выборам акима Донского сельского округа:

В список избирателей по избирательному округу включено 622 граждан, из них проголосовали 371. Число бюллетеней недействительных – 15, с отметкой в строке «Против всех» - 31.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:
Альжанов А.К. – 31; Аубакиров Ж.Р. – 275; Нурмагамбетова М.М. – 19.

Избран акимом Донского сельского округа Аубакиров Жумабек Рахималиевич, 1967 года рождения, временно не работает, проживает в селе Андыкожа батыра, выдвинут партией «AMANAT».

Территориальная избирательная комиссия района Биржан сал в соответствии со статьей 45 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением № 105 от 15 июня 2026 года зарегистрировала избранного 14 июня 2026 года акима Донского сельского округа района Биржан сал.

Территориальная избирательная комиссия района Биржан сал в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акима Заураловского сельского округа района Биржан сал установила итоги выборов:

Заураловский избирательный округ по выборам акима Заураловского сельского округа:

В список избирателей по избирательному округу включено 363 граждан, из них проголосовали 280. Число бюллетеней недействительных – 6, с отметкой в строке «Против всех» - 21.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:
Бужбанов Т.Т. – 152; Жукова О.В. – 25; Каматаева А.Ж. – 76.

Избран акимом Заураловского сельского округа Бужбанов Толкын Тулепович, 1965 года рождения, временно не работает, проживает в селе Заураловка, выдвинут партией «AMANAT».

Территориальная избирательная комиссия района Биржан сал в соответствии со статьей 45 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением № 106 от 15 июня 2026 года зарегистрировала избранного 14 июня 2026 года акима Заураловского сельского округа района Биржан сал.

Территориальная избирательная комиссия района Биржан сал в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протокола участковой избирательной комиссии о результатах выборов акима села Заозерное района Биржан сал установила итоги выборов:

Избирательный округ Заозерное по выборам акима села Заозерное:

В список избирателей по избирательному округу включено 141 гражданин, из них проголосовали 104. Число бюллетеней недействительных – 3, с отметкой в строке «Против всех» - 4.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:
Жахин Р.Б. – 12; Иманкулов К.Р. – 70; Нисмельдинова А.Б. – 15.

Избран акимом села Заозерное Иманкулов Канат Рамазанович, 1986 года рождения, главный специалист ГУ «Отдел земельных отношений» района Биржан сал, проживает в городе Степняк, выдвинут партией «AMANAT».

Территориальная избирательная комиссия района Биржан сал в соответствии со статьей 45 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением № 107 от 15 июня 2026 года зарегистрировала избранного 14 июня 2026 года акима села Заозерное района Биржан сал.

Территориальная избирательная комиссия района Биржан сал.

• Выборы

Прямые выборы акимов как важный инструмент развития местного самоуправления

14 июня текущего года в Донском и Заураловском сельских округах, а также в селе Заозерное состоялись выборы акимов. Это общественно-политическое событие стало важным этапом в развитии местного самоуправления и очередным подтверждением последовательной реализации курса Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, направленного на формирование подотчетной, открытой и «слышащей» власти.

Выборы были организованы в строгом соответствии с требованиями Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Все избирательные участки были заблаговременно подготовлены к проведению голосования: оборудованы кабинками для тайного волеизъявления, обеспечены необходимыми информационными материалами и списками избирателей, а также рабочими местами для членов избирательных комиссий, наблюдателей и представителей средств массовой информации. Использование прозрачных урн для голосования и проверенных печатей способствовало обеспечению открытости, законности и доверия к избирательному процессу.

Следует отметить, что с 2021 года в Казахстане по инициативе Главы государства реализуется практика прямых выборов сельских акимов. Данная модель является важным шагом на пути демократизации общества, расширения участия граждан в управлении государством и укрепления институтов местного самоуправления. Прямые выборы повышают ответственность местной власти перед населением и в полной мере отражают принципы концепции «Слышащее государство».

Голосование началось ровно в 7:00. Уже с первых минут работы участков жители активно приходили исполнить свой гражданский долг. Многие приходили семьями, вместе с соседями и друзьями. Такая активность наглядно продемонстрировала ответственное отношение граждан к реализации своего избирательного права и неравнодушие к будущему родных населенных пунктов.

Для многих жителей участие в выборах стало возможностью выразить свою гражданскую позицию и внести вклад в дальнейшее развитие региона.

В Донском избирательном округе в списки избирателей были включены 622 гражданина, из которых проголосовал 371 человек. По итогам голосования акимом Донского сельского округа избран Аубакиров Жумабек Рахималиевич, 1967 года рождения, проживающий в селе Андыкожа батыра.

В Заураловском избирательном округе в списки избирателей были включены 363 гражданина, участие в голосовании приняли

280 человек. Акимом Заураловского сельского округа избран Бужбанов Толкын Тулепович, 1965 года рождения, проживающий в селе Заураловка.

В селе Заозерное в список избирателей были включены 141 гражданин, из которых проголосовали 104 человека. По результатам выборов акимом села Заозерное избран Иманкулов Канат Рамазанович, 1986 года рождения, главный специалист ГУ «Отдел земельных отношений» района Биржан сал, проживающий в городе Степняк.

Делая свой выбор, жители сельских округов и села голосовали не только за конкретного кандидата, но и за стратегическое видение дальнейшего развития своих территорий. Каждый из кандидатов представил предвыборную программу, в которой были определены приоритетные направления работы: ремонт и строительство автомобильных дорог, обеспечение населения качественным водоснабжением, благоустройство населенных пунктов, развитие социальной инфраструктуры, поддержка молодежных инициатив и забота о старшем поколении.

Избирательный процесс прошёл в спокойной и организованной обстановке, без нарушений. Все предусмотренные законодательством процедуры соблюдались в полном объёме: избиратели предъявляли документы, удостоверяющие личность, получали бюллетени и голосовали в индивидуальных кабинках.

После закрытия избирательных участков был проведён подсчёт голосов и подведены итоги голосования. Все процедуры осуществлялись в строгом соответствии с требованиями избирательного законодательства, с соблюдением принципов открытости и прозрачности.

Состоявшиеся выборы стали не только инструментом формирования органов местной власти, но и ярким свидетельством активной гражданской позиции населения. Подобные события способствуют укреплению демократических институтов, вовлечению граждан в процесс принятия решений и формированию эффективной, справедливой и ответственной власти, открытой для диалога со своими избирателями.

Дина АКИШЕВА.



СРЕДИ тех, кто достойно несет службу в рядах органов внутренних дел - старший оперуполномоченный отделения криминальной полиции отдела полиции района Байкен Ерикович Джумагулов.

Байкен Ерикович родился в селе Шошканы. Здесь прошло его детство, здесь он окончил девять классов местной школы. После этого продолжил обучение в техническом колледже города Щучинска. Затем проходил срочную воинскую службу в Вооруженных Силах Республики Казахстан в Алматинской области. Именно армия укрепила его характер, научила дисциплине и ответственности. Далее, в 2011 году он окончил Юридическую академию «Фемиды» по специальности «Юриспруденция», получив квалификацию бакалавра права.

